

Талдау мақсаты: 2022-2023 оқу жылындағы қызмет нәтижелеріне әсер еткен факторлар мен жағдайларды анықтау негізінде жаңа оқу жылындағы жұмысты жоспарлаудың аналитикалық негіздемесі.

Талдау көздері:

- ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІНІҢ ДИНАМИКАСЫ
- БІЛІМ САПАСЫ ДИНАМИКАСЫ
- БІЛІМ БЕРУ ҚҰРЫЛЫМЫ
- ҮЛГЕРІМ МЕН БІЛІМ БЕРУ САПАСЫ
- МЕКТЕП ҰЖЫМЫМЕН ЖҰМЫС
- ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА
- ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС
- ИНКЛЮЗИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ
- ӘДІСТЕМЕЛІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС
- ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНІҢ АҚПАРАТТАНДЫРУЫ
- ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ
- МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КАРТАСЫ
- ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС
- ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ПУНКТ ЖҰМЫСЫ
- КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ
- 2023-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН МІНДЕТТЕР

Мектеп туралы анықтама

Сыныптар саны – жиынтықтар: Биылғы оқу жылында мектепте 38 сынып, оқушылар саны – 839.

| Оқу қадамдары | 2022-2023 оқу жылы | | |
|-------------------------------|--------------------|-----------|------------------|
| | саны | | орташа толықтығы |
| | оқушылар | сынып | |
| бастауыш сынып | 340 | 15 | 22,6 |
| негізгі мектеп | 480 | 18 | 26,6 |
| орта мектеп | 71 | 4 | 17,75 |
| Мектеп бойынша барлығы | 891 | 37 | 24,08 |

Ауысымдардың құрылымы мен толуы:

2022-2023 оқу жылында оқу екі ауысымда жүргізілді:

Мұғалімдердің жалпы саны - 66

Білімі бойынша:

жоғары – 64 (96,9%)

орта арнаулы - 2 (3%)

Санаты бойынша:

Жоғары - 4 (6 %)

Педагог-шебер – 2 (3 %)

Педагог-зерттеуші - 24 (36,3%)

Педагог-сарапшы – 11 (16,6 %)

екінші - 2 (3 %)

бірінші – 1 (1,5%)

Педагог-модератор - 12 (18,1 %)

Санатсыз – 10 (15,1 %)

Жас мамандар саны (тәжірибесі 0 жылдан 3 жылға дейін) – 8 (12,1 %)

ОҚУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

2022-2023 оқу жылында мектепте 37 сынып – комплект болды. Оқушылар контингенті өткен жылмен салыстырғанда 55 оқушыға кеміді.

Жылдар бойынша оқушылар контингентінің динамикасы

| Оқыту сатысы | 2021-2022 оқу жылы | | | 2022-2023 оқу жылы | | | динамика |
|-----------------------|--------------------|-----------|--------------------|--------------------|-----------|--------------------|------------|
| | оқушы саны | | орташа толықтылығы | оқушы саны | | орташа толықтылығы | |
| | оқушылар | сыныптар | | оқушылар | сыныптар | | |
| бастауыш мектеп | 356 | 15 | 23,7 | 340 | 15 | 22,6 | -16 |
| негізгі мектеп | 506 | 19 | 26,6 | 480 | 18 | 26,6 | -26 |
| орта мектеп | 84 | 4 | 21 | 71 | 4 | 17,75 | -13 |
| мектеп бойынша | 946 | 38 | 24,8 | 891 | 37 | 24,08 | -55 |

Қауіп-қатер:

Соңғы жылда оқушылардың контингенті яғни, бастауыш және негізгі жалпы білім беру деңгейлерінде жыл сайынғы тұрақты өсу үрдісі байқалмай, керісінші төмендеу байқалды. Сынып-жиынтығында да теріс динамика бар. Себебі, біздің шағын ауданда тұратын халықтардың көбі зейнеткерлер мен жалдамалы пәтерде тұратын адамдар, бірі көшіп келіп жатса, бірі көшіп кетіп жатады. Одан басқа, қасымызда бірнеше мектептер жақын орналасқандықтан, бәсекелестік те байқалады

БІЛІМ САПАСЫ ДИНАМИКАСЫ

Мектеп жұмысының маңызды көрсеткіштерінің бірі – білім сапасы. 2022-2023 оқу білім беру бағдарламаларын оқушылардың 100 пайызы толық көлемде меңгерді. Мектепте 2022-2023 оқу жылында білім сапасы – 67,4% (2021-2022 оқу жылында – 64,7%). Жалпы, былтырғы жылмен салыстырғанда -2,7 пайызға төмендеу байқалды. Негізі буында білім сапасының төмендеуі оқушылардың білім алуға деген құлшыныстарының төмендеуімен түсіндіріледі. Мектептегі үздік оқушылардың үлесі 0,5 %-ға өсті – оқушылардың 11,1 %-ы оқу жылын үздік бағамен аяқтады. Гимназия сыныптарында білім сапасы 67,2 пайызды құрап, талапқа сай емес екенін көрсетіп отыр. Барлығы гимназия сыныптарының саны - 10. Нормадан төмен білім сапасын көрсетіп отырған гимназия сыныптарын атап өтуге болады: 5А – 54,17%, 6А – 60,87%, 7А – 45,83%, 8А – 46,15 %, 9А – 53,85% құрайды. Бастауыш сыныпта 45 (13,2 %) оқушы «өте жақсы», 115 (33,8 %) оқушы «жақсы» деген бағаға ие. Бастауыш сыныпта білім сапасы 63,87 (+0,47)%, оқу үлгерімі 100% құрады. Негізгі мектепте 29 (6,4 %) оқушы «өте жақсы», 176 (36,6 %) оқушы «жақсы» деген бағаға ие. Негізгі мектепте білім сапасы 46 (-2,4) %, оқу үлгерімі 100% құрады. Биылғы оқу жылында 5-9 сыныптарда білім сапасы 4,4%- ға жоғарлағанын байқауға болады. Орта мектепте 10 оқушы (14,8%) «өте жақсы», 30 (42,2 %) оқушы «жақсы» бағаға ие. Орта мектепте білім сапасы 70,4 пайызды құрап отыр. Өткен жылмен салыстырғанда 0,5 пайызға ғана өскенін байқауға болады. Жоғары сынып оқушыларының үлгерім көрсеткіші 100 пайызды құрайды. Мектептің келесі сыныптарындағы оқу үлгерімінің жоғары сапасы: Барлық параллельдерде , 2А-да – 83,3%, 4Б-да – 85 %, 10А-да – 85,7%, 11А-да – 87,5%, 4А-да – 79,1%. Оқу үлгерімі сапасының сыни деңгейі 6 В сыныпта 33 %, 7В сыныбында 35,7%, 8Ә сыныбында 37,5%, 8Б сыныбында 29,6%, 8В сыныбында 28,5%, құрайды. Осы сыныптар бойынша білім сапасын арттырудың жолдарын, қауіп-қатерді шешу жолдарын қарастырған жөн. Жалпы сыныптар бойынша білім сапасында 2Ә, 2Б, 4В, 6В сыныптарының білім сапасы құбылмалы көрсеткіш көрсетіп тұр. Төмендеу үрдісі байқалады.

Жыл бойына 5-сыныптар бейімделу кезеңі, жаңа сатыға көші кезеңі болғандықтан, оқу үлгерімінің сапасын сақтау мәселесі ерекше бақылауда болды.

5-сыныптардағы оқу үлгерімі сапасының динамикасы

| Сыныптар | 2021-2022 | | | 2022-2023 | | | |
|-----------|---------------|-----------------------------------|----------------|---------------|-----------------------------------|----------------|-----------------|
| | Оқушылар саны | Үздіктер мен жақсы оқитындар саны | % білім сапасы | Оқушылар саны | Үздіктер мен жақсы оқитындар саны | % білім сапасы | Сапа динамикасы |
| 5А | 25 | 15 | 72 | 26 | 12 | 69,23 | -2,8% |
| 5Ә | 26 | 20 | 70 | 28 | 13 | 46,43 | -23,5% |
| 5Б | 29 | 12 | 57 | 29 | 13 | 58,83 | +1,83% |
| Сыныптар: | 80 | 47 | 66,3 | 83 | 38 | 57,6 | -8,7% |

5А, Ә сыныптарында теріс динамика көрсетілуде... Пәндер контекстінде оқушылардың білім сапасының динамикасы төмендегідей: 2 жыл бойы бастауыш мектепте базалық пәндер бойынша тұрақты жоғары білім сапасы байқалады.

Бастауыш сынып оқушыларының үлгерім сапасының динамикасы

| Пән | 2021-2022 | 2022-2023 | Динамика |
|------------|-----------|-----------|----------|
| қазақ тілі | 65% | 67 | +2 |
| орыс тілі | 78% | 80 | +2 |
| математика | 61% | 62 | +1 |

Негізгі мектепте білім сапасы екі жыл ішінде келесі пәндер бойынша жоғарлау үрдісі байқалады: биология бойынша (64%-дан 65%-ға дейін), химиядан (60%-дан 62%-ға дейін), геометрия бойынша (52%-дан 55%-ға дейін), физикадан (54%-дан 58%-ға дейін), информатикадан (73%-дан 87%-ға дейін). Ең жоғары білім сапасын 5-9 сынып оқушылары информатикадан (87%), географиядан (71%), тарихтан (74%), ағылшыннан (71%) көрсетіп отыр. Сапаның аздап төмендеуі қазақ әдебиеті, ағылшын тілі, дүниежүзі тарихы пәндерінен(2-ден 4%-ға дейін) байқалды. Басқа пәндер бойынша 5-9 сыныптардағы оқу үлгерімінің сапасы тұрақты. Ең төмен білім сапасы геометрия (55%), физика (58%). Орта мектепте химия (2%), қазақ тілі (2%), орыс тілі (2%), тарих (4/5%), математика (1%), геометрия (3%), информатика (14%) және физика бойынша оқу үлгерімінің сапасы айтарлықтай өсті (4%-ға). Биология (65%), география (71%), тарих (74%), орыс тілі (80%), ағылшын тілі (71%), информатика (87%). 10-11 сынып оқушыларының білім сапасының жоғарлағанын байқауға болады. 2022-2023 оқу жылында оқушылар, соңғы үш жылда кейбір пәндер бойынша жоғары білім сапасын көрсетіп келеді. Білім сапасының оң динамикасын 10-11 сынып оқушыларының сапасының өзгеруімен түсіндіруге болады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда ағылшын тілі, химия, биология пәндерінен білім сапасы 1-2 пайызға төмендеді.

5-11 сынып оқушыларының оқу үлгерімінің сапасы

| Пән | | | | | Динамика | |
|--------------|----------------|-----------|-------------|-----------|-------------|---------------|
| | 5 - 9 сыныптар | | 10-11 сынып | | 5 - 9 сынып | 10 – 11 сынып |
| | 2021-2022 | 2022-2023 | 2021-2022 | 2022-2023 | | |
| биология | 57,8 | 54,6 | 67,8 | 75 | -3,2 | +7,2 |
| география | 63,6 | 52 | 68,7 | 75 | -11,6 | +6,3 |
| тарих | 63,6 | 53,5 | 63,8 | 69 | -10,1 | +5,2 |
| қазақ тілі | 52,6 | 52,3 | 69,6 | 75 | -0,3 | +5,4 |
| орыс тілі | 63,7 | 59,6 | 77,8 | 77,3 | -4,1 | -0,5 |
| ағылшын тілі | 71,7 | 58,1 | 64,6 | 75 | -13,6 | +10,4 |
| физика | 48,4 | 50,8 | 63,6 | 66,6 | +2,4 | +3 |
| химия | 50,5 | 54,6 | 67,2 | 66,6 | +4,1 | -0,6 |
| математика | 48,4 | 50,8 | 56 | 55,3 | +2,4 | -0,7 |

Жалпы мектеп бойынша барлық пәндер бойынша білім сапасы негізгі мектеп бойынша тұрақсыз, төмендеу көп байқалады, бірақ, кейбір жекелеген пәндерде тұрақты немесе жоғарылау үрдісі байқалады. Негізгі мектепте химия пәнінен білім сапасы (4,1%-ға), физика пәнінен (2,4%-ға), математика пәнінен (2,4%-ға) артты. Сонымен қатар, динамика минус 11,10,13-ке дейін бар, олар: география, тарих, ағылшын тілі пәндерінен. Бұл ретте сапа әлі де физикада (50,8%), математикада (50,8%) ең төмен көрсеткішті көрсетіп отыр.

Оң шешімдер:

- жалпы мектептегі білім сапасының тұрақтылығы;
- үздік оқушылар санының артуы;
- көптеген пәндер бойынша білім сапасын арттыру.

Мәселелер:

- гимназияның 5А, 6А, 7А, 8А, 9А сынып оқушыларының білім сапасы нормадан төмен;
- 6В, 7В, 8Б, 8В, 8Ә сыныптарындағы оқу үлгерімінің сыни деңгейі;
- 2Ә, 2Б, 4В, 6В сыныптарында өткен жылмен салыстырғанда оқу үлгерімінің сапасының төмендеуі,
- Жылдық қорытынды бойынша 2-11 -сыныпта оқу озаты – 96 (12,4%), оқу екпінділері 321 (41,4%), орташа оқитыны 359 (46,3%), оқушылардың көп саны, әлеуетті жақсы оқушылар: 14 оқушы жыл соңында бір «3» бағамен шығып отыр (қазақ тілі, математика, физика пәндерінен).

Себептер:

- жасөспірімдік кезеңнің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері;
- сыныпты басқаруда және оқыту сапасында проблемалардың болуы;
- білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында 5-сыныпта сабақтастық бойынша тиімсіз жұмыс.

Шешу жолдары:

- 5-сынып оқушыларын жаңа оқу ортасына бейімдеу бағдарламасын, оның ішінде ата-аналар, бастауыш және орта мектеп мұғалімдері, оқушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің жаңа белсенді формаларын жаңарту;
- нашар үлгерімнің алдын алу, білім сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру (алдын ала үлгерім, тоқсанына бір «3» алатын оқушылармен жеке жұмыс). Оқушылардың біліміндегі оқылықтарды уақытымен жою жұмыстарын жүргізу.

БІЛІМ БЕРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етудің негізгі нормативтік құқықтық актілері 2022 – 2023 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебінің оқу жұмыс жоспары білім беру ұйымының жұмысын реттейтін заңнамалық база негізінде жасалған. 31 тамыздағы 2023 жылғы педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді. Хаттама №1.

Мектептің жұмыстық оқу жоспары білім беру ұйымының жұмысын реттейтін заңнамалық база негізінде жасалған.

1-4-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы**);
- «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ **2021 жылғы 10 маусымдағы № 286 бұйрығы**);
- «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ **2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы**;
- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП **2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы**); ҚР Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен** енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (**1 қосымша**)
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ **2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы**);
- «Білімді ұлт» «Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің **2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы**;
- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы**);
- «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ **2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы**);
- «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ **2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы**);
- «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ **2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы**);

1-4 сыныптар үшін:

Оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім беру министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (1 қосымша) (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі **№ 412 бұйрығымен** енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (1 қосымша) бекітілген, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №375 бұйрығы негізінде әзірленді. **26 тамыз 2022 жылғы педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді. Хаттама №1.**

1-4 сыныптар үшін вариатив компоненті есебінен белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтары, 1 сағаттан берілген. 1-4 сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын математикалық сауаттылықты, математикалық сөйлеуді дамытуға бағытталған «Математика» пәнін оқуға, сондай-ақ шахмат пен домбырада ойнау сабақтарына бөлу ұсынылғандықтан, «Ғажайып математика» деп 1-сыныптар, «Математика әлемі» деп 2-4 сыныптарға беріліп, арнайы курстар ұйымдастырылды (математикалық есептеулер, ауызша есептеу дағдыларын және логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру үшін).

Оқу үдерісінің қызметтік мазмұнын толық орындауды жүзеге асыру мақсатында жоспарлардың құрамы және инвариантты (базалық) компоненті толық сақталды.

Мектептің даму жоспарының негізінде сыни ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту барысында өз-өзін басқаратын, өз-өзін тәрбиелейтін, өз-өзін бақылайтын және өз-өзін түзетін болашақ оқушы моделін қалыптастыру мақсатында жеке және топтық дамыту сабақтары есебінен оқушылардың білімділік әрекетін ұйымдастыру келесідей жүзеге асырылды:

Бастауыш буынның гимназия сыныптарының 2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары жалпы орта білім беру мектебінің ерекшелігі негізінде, №1 педагогикалық кеңестің 26 тамыз 2022 жылғы хаттамасында мектептің оқу жұмыс жоспары талқыланып бекітілуіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің **2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412** бұйрығымен (**қосымша 14**) бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрықтарға сәйкес қазақ тілінде оқытылатын бастауыш сыныптарының оқу жұмыс жоспары әзірленді.

Оқу үдерісінің қызметтік мазмұнын толық орындауды жүзеге асыру мақсатында жоспарлардың құрамы және базалық мазмұнның құрылымы (инвариантты компонент) сақталды.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, әрі болашақта функционалдық сауаттылығы жоғары, парасатты, әдепті ұрпақ қалыптастыру мақсатында, білім алушылардың бойында толеранттылық, іс-әрекеттеріне жауапкершілік, ұжымда жұмыс істей білуі сияқты жеке қасиеттерді дамытуға мүмкіндік беретін гимназиялық компонент бөлігін келесідей үлестірдік:

2 А, 3 а, 4 А, Ә, Б сыныптарында: дене шынықтыру: спорт ойындары аптасына 1 сағаттан.

Таңдау бойынша курстар есебінен:

4 А, Ә, Б – «Математика әлемі» аптасына 1 сағаттан. 3А сыныбынды «Мәдениет әліппесі» курсына 1 сағат берілді.

Гимназиялық компонент есебінен берілді:

2 – 4 сыныптарында:

- «Киелі Керекуім» – 1 сағаттан 4 А,Ә,Б сыныптарында;
- «Оқы да тоқы» - 1 сағат 3 А сыныбында;
- «Сиқырлы жазу» - 1 сағат 2 А сыныбында;
- «Қызықты математика» – 1 сағаттан 3А, 4А сыныптарында;
- «Ұлттық дүниетаным» – 1 сағаттан 2-4 сыныптарда.
- «Қызықты грамматика» –1сағаттан.
- «Қызықты грамматика» - 1 сағаттан 2-4 сыныптарда.
- «Шығармашылық шабыт» - 1 сағаттан 4А,Ә,Б сыныптарында.

5-9-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрықпен 19-қосымшасы);
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;
- ✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары;
- ✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары (2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы бекіткен №595 бұйрығы;
- ✓ ҚР білім және ғылым министрінің 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының 2017 жылғы № 596 мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы (соңғы өзгертулер және толықтырулармен 21.09.2018 жылғы № 477 бұйрығы);
- ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы (2018 жылғы 25 қыркүйектегі № 494 бұйрықпен соңғы өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);
- ✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021 - 2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 368 бұйрығы;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» № 345 бұйрығы;
- ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына

өзгеріс енгізу туралы» № 374 бұйрығы сәйкес оқу жұмыс жоспары құрастырылған. 26 тамыз 2022 жылғы педагогикалық кеңесте қаралды және бекітілді. Хаттама №1.

5-9 сыныптар үшін:

Жұмыс оқу жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (6 қосымша) (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы **30 қыркүйектегі №412** бұйрығымен (19 қосымша) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген, оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі «Жалпы беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №375 бұйрығы негізінде әзірленді.

5-9 сыныптар үшін оқу жұмыс жоспарларының вариативті бөлігінің барлық сағаттары мектептің оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен негізгі орта білім берудің міндеттерін ескере отырып бөлінді.

Оқу үдерісінің қызметтік мазмұнын орындауды жүзеге асыру мақсатында инвариантты (базалық) компонент толық сақталды.

1. Вариативті компонент бөлімінен жаһандық құзыреттілік курсына 5 – 8 сыныптарға 0,5 сағаттан, 9-сыныптарға 1 сағаттан бөлініп берілді. Элективті және басқада таңдау бойынша курстар қарастырылмаған.

Негізгі орта буынның гимназия сыныптарының 2022-2023 оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспары жалпы орта білім беру мектебінің ерекшелігі негізінде, №1 педагогикалық кеңестің 26 тамыз 2022 жылғы хаттамасында мектептің жұмыстық оқу жоспары талқыланып бекітілуіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің үлгілік оқу жоспарлары № 500 бұйрығымен (қосымша 19) бекітілген үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 30 қыркүйектегі **№ 412 бұйрықпен** (қосымша 19) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрықтарға сәйкес қазақ тілінде оқытылатын орта буындардың гимназия сыныптарының жұмыстық оқу жоспары әзірленді.

Оқу үдерісінің қызметтік мазмұнын толық орындауды жүзеге асыру мақсатында жоспарлардың құрамы және базалық мазмұнның құрылымы (инвариантты компонент) сақталды.

Оқушылардың қызығушылықтарын жақ-жақты ескере отырып, цифрлық құзыреттіліктерін дамыта отырып гимназиялық компонент бөлігін ұйымдастыру келесідей жүзеге асырылады.

Вариативті компонент есебінен:

Таңдау пәндерінен - 3 сағат 7 А сыныбында келесідей бөлінді:

Биология – 1 сағат;

Физика – 2 сағат.

Вариативті компонент есебінен 5-8 сыныптарға жаһандық құзыреттілікке 0,5 сағаттан берілді.

Таңдау пәндерінен - 3 сағат 8 А сыныбында келесідей бөлінді:

Қазақ тілі – 2 сағат;

Геометрия – 1 сағат.

Гимназиялық компонент есебінен 5 А сыныбында 1 сағаттан:

«Жас зерттеуші», «Көркем әдебиетті тану», «Экологиялық этика», «Тіл грамматикасы», «Киелі-қасиетті жерлер географиясы» курстарына берілді. 6 А, Ә сыныптарында 1 сағаттан: «Жас зерттеуші», «Көркем әдебиетті тану», «Экологиялық этика», «СӨС», «Робот техникасы», «Киелі-қасиетті жерлер географиясы» курстарына берілді.

Дене шынықтыру: спорт ойындары 5-8 сыныптарда аптасына 1 сағаттан.

7А, 8А сыныптарына: «Жас зерттеуші», «Киелі-қасиетті жерлер географиясы», «Робот техникасы», «Экологиялық этика» оқушылардың тіл құзыреттіліктерін, ой-өрістерін дамыту мақсатында үлестірілді;

Өмір қауіпсіздігінің негіздері (негіздеме: ҚРБ және Ғ, денсаулық, мәдениет, қорғау министрлерінің бірлескен 1998 жылғы 14 қыркүйектегі «ҚР оқу мекемелерінде АӘД пен ӨҚН-ны оқытуды жетілдіру туралы» курсы

10-11 сыныптар үшін:

Жоғарғы буынның 2022-2023 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары жалпы орта білім беру мектебінің ерекшелігі негізінде, №1 педагогикалық кеңестің 26 тамыз 2022 жылғы хаттамасында мектептің оқу жұмыс жоспары талқыланып бекітілуіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (қосымша 100) бекітілген Негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы **30 қыркүйектегі № 412** бұйрықпен (қосымша 86) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген бұйрықтарға сәйкес қазақ тілінде оқытылатын 10 - 11 сыныптардың оқу жұмыс жоспары әзірленіп, жаратылыстану-математикалық бағытында қарастырылды.

Инварианттық оқу жүктемесі толық сақталып, 32 сағатты құрайды.

Вариативті компонент бөлімінен жаһандық құзыреттілік курсына 1 сағаттан 10А, 10Ә, 11А, 11Ә сыныптарына берілді. 11А, 11Ә сыныптарының вариатив бөлігінің 2 сағатын (ОӨК)-не беруге шешім қабылданды.

Элективті курстар келесідей қарастырылып бөлінді.

- «Адам анатомиясы» – 2 сағат 10А, 10Ә сыныптарында;
- «Математикалық сауаттылық» – 1 сағат 11А сыныбына;
- «Физикадан күрделі есептерді шығару» – 2 сағат 10Ә, 11Ә сыныптарында;
- «Тарихи тұлғалар» – 1 сағат 10А сыныбына;

Өмір қауіпсіздігінің негіздері (негіздеме: ҚР Б және Ғ, денсаулық, мәдениет, қорғау министрлерінің бірлескен 1998 жылғы 14 қыркүйектегі «ҚР оқу мекемелерінде АӘД пен ӨҚН-ны оқытуды жетілдіру туралы» курсын жүргізу бойынша № 460, 166, 198 бұйрықтары және әдістемелік-нұсқау хат 2021) АӘТД пәнімен 10-11 сыныптарда, 2-4 сыныптарда дүниетану пәнімен, 5-9 сыныптарда дене шынықтыру пәнімен кіріктіру арқылы оқытылады.

Вариативті оқу жүктемесі жеке тұлғаның танымдық, іскерлік талаптарын ұштау мақсатында гимназия статусына сай қосымша оқу курстарын енгізумен бейіндік пәндерді кеңейте оқытуға бағытталған. Жекелей пәндер тереңдете оқылатын сыныптарда оқушылардың жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік беретін дамыта оқыту арқылы және олардың логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында типтік оқу жоспарының вариативтік компоненті бөлігінен қосымша сағаттар берілген.

Оқу үдерісінің қызметтік мазмұнын толық орындауды жүзеге асыру мақсатында жоспарлардың құрамы және инвариантты (базалық) компоненті сақталды. Оқушылардың қызығушылықтары, ынталары, балалардың және ата-аналардың талап етулері есебінен вариативтік компоненттері аясында білімділік әрекетін ұйымдастыру жүзеге асырылды.

Оң үрдістер:

- * жалпы мектеп бойынша оқу сапасының пайызы тұрақты;
- * үздік оқушылар санын көбейту жұмыстарын қолға алу және жүйелеу;
- * көптеген пәндер бойынша білім сапасын арттыру жұмыстарын тиімді жүргізу.
- * Оқу жоспарының вариативті бөлігін мектеп оқушыларының қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді таңдау және факультатив сабақтарына үлестіру;
- * 10-11 сынып оқушыларын бейіндік оқытуға, түлектерді кәсіби қызметке дайындауға бағытталған жұмыстарды жүргізу.

Мәселелер: Оқу жұмыс жоспарын жасау кезінде оқушылар мен ата-аналардың барлық сұраныстары ескерілмейтіні байқалды. Яғни, оқушылардың ата-аналары сабақтан тыс жұмыс кезінде көбірек тілдік, шығармашылық үйірмелерді, арнайы курстарды енгізуге тілек білдірді. Жыл соңында білім беру үрдісіне қанағаттану тақырыбында сауалнама жүргізілді. Сауалнама барысында сабақтан тыс жұмыс жүйесін ұйымдастыру да кіріктірілді. Оқушылар мен ата-аналардың сұраныстары сауалнама нәтижесінде талданды.

Шешу жолдары: Оқу-тәрбие үрдісін жобалау кезінде ата-аналардың мектептегі ішкі жұмыс жүйесіне көбірек араласуын (сыныптан тыс жұмыс), жұмыс нәтижелілігіне қанағаттануын/қанағаттанбауын бақылау барысында анықталған сұраныстары ескерілсін.

МЕКТЕП ҰЖЫМЫМЕН ЖҰМЫС

Мектептің кадрлық әлеуеті жоғары: мұғалімдердің 62,2% жоғары және бірінші біліктілік санатына ие. Педагогикалық ұжымның орташа жасы – 44,5 жас. Мұғалімдердің 66,6 пайызы 40 жастан асқандар. Бұл мектепте жоғары білікті, тәжірибелі ұстаздар ұжымы бар екенін аңғартады.

Мектеп ұжымы

| Мұғалімнің жалпы саны | | Білімі | | сапалық құрамы | | | | | | | |
|-----------------------|----|--------|---------|----------------|----------------|-------------------|---------|-----------------|--------|-------------------|------------|
| | | жоғары | арнаулы | магистр | Педагог-мастер | Педагог-зерттеуші | Бірінші | Педагог-сарапшы | Екінші | Педагог-модератор | Санаты жоқ |
| Оқу жылының басы | 66 | 64 | 2 | 12 | 2 | 24 | 1 | 11 | 2 | 12 | 10 |
| Оқу жылының аяғы | 66 | 64 | 2 | 12 | 2 | 24 | 1 | 11 | 2 | 12 | 10 |

Курсты қайта даярлау

| | |
|--------------------|---------------------------------------|
| курс өткен жылдары | Біліктілікті арттыру курстарынан өтті |
| 2021-2022 | 26 |
| 2022-2023 | 27 |

Биылғы оқу жылында жас мамандардың ұжымдағы үлес салмағының өсу тенденциясы байқалды: жас мамандардың саны (0 жылдан 3 жылға дейін жұмыс өтілі бар) 2022-2023 жылдары – 8 (12,1%). Педагогтардың біліктілік деңгейі мен курстық қайта даярлау динамикасын талдау кәсіптік дайындық сапасын арттырудың тұрақты үрдісі бар деген қорытынды шығаруға болады.

Сәтті жақтары: Мектеп барлық пәндер бойынша толық мамандармен қамтамасыз етілді. Педагог мамандардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мақсатындағы жоспарланған іс-шаралар толық ұйымдастырылып, өткізілді. Жас мамандарға тәлімгерлік үрдісі тарапынан әдістемелік көмек көрсетіліп, шебер сыныптар, коучингтер, онлайн вебинарлар ұйымдастырылды. Педагогтар қызметіндегі жаңашылдық, ұжым мүшелері арасындағы ізгілікті байланыс, қызмет бойынша жұмыстың жүйелігі тиімді ұйымдастырылған.

Сәтсіз жақтары:

- Тәрбие жұмысындағы инновациялық бағыттың дұрыс қалыптаспауы;
- Дарынды оқушылармен жұмысты дұрыс бағытқа қою, кейбір пән мұғалімдерінің дарындылықты қалыптастырудағы, дамытудағы жұмыстардың тиімсіз екені байқалады;
- Зерттеу тобы тарапынан кері байланыстың әлсіздігі;

Түзету мүмкүндіктері: өзін-өзі оқыту, жетілдіру арқылы білімді жетілдіру, үздіксіз тәжірибе алмасу, әр түрлі деңгейдегі сайыстарға қатысу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «ТІЛ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңын іске асыруда келесі нормативтік құжаттар басшылыққа алынады: Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» заңы; Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Бағдарлама 09.02.2021ж); Облыстық Білім беру басқармасының 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары; Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандарты; Әр жаңа оқу жылына арналған Оқу-ағарту министрлігінің әдістемелік нұсқау хатта ұсынылған бағдарламасы, оқулықтар.

Педагогикалық ұжымының, оның ішінде қазақ тілі және әдебиет пәндері мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы тікелей жоғарыда аталған нормативтік құжаттардың орындалуына бағытталды және мектепшілік бақылауға алынып, директордың қатысуымен өтетін отырыстарда қаралды.

Мақсаты: Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, замануи талаптарға сай, бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған, өздігінен білім ала-алатын, коммуникативтік ақпараттық құзыреттілігі мол тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттері:

- Мемлекеттік тілдің ролін арттыру, оның қарқынды енгізілуін, ҚР «Тіл туралы» заңын орындалуына ат салысу.
- Білім беру технологияларының мәнін және қазіргі кездегі жағдайларда олардың тұлғаның қалыптасуына ықпал деңгейін табу.
- Ақпараттық технологияларын меңгеру және қолдану бойынша әрекет бағдарламасын құрастыру.
- Педагогикалық–инновациялық технологияларды талдап, сараптама жасау, тәжірибеде қолдану;
- Оқушылардың әрекет жасауларына назар аудару;
- Мемлекеттік тілдің ролін арттыру, оның қарқынды енгізілуін және оқушыларды оқытудың сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру.

Мемлекеттік тілді меңгерту жолында мектептің жұмыс жүйесі 2 бағытта ұйымдастырылған:

1-бағыт-оқушылармен жұмыс;

2-бағыт-ағартушылық жұмыс.

Оқушылардың басты міндетіне бағдармалық материалды меңгеру, ал мұғалімнің басты міндетіне балаларды қазақ тілін, өз тілін жетік білуге, сауатты жазуға үйрету және оқыту әдістемесін дұрыс таңдау білу.

Мемлекеттік тілді дәріптеуде «Павлодар дарыны» орталығының оқуларының орны ерекше. Оқушыларымыз қазақ жазушыларының шығармалары бойынша оқуларға қатысып келесі нәтижелерге ие болды:

| Оқулар атауы | Оқушы ТАӘ | Сынып | Жетекші мұғалім | Қалалық деңгей | Облыстық деңгей | Республикалық деңгей |
|----------------|----------------|-------|-----------------|----------------|-----------------|----------------------|
| Мағжан оқулары | Ерғантай Ж. | 10 | Карибаева А.К. | 3 | | |
| | Мамажанова М. | 7 | Сапина Г.К. | 3 | | |
| Абай оқулары | Дюсенбаева А. | 9 | Калымова Ж.Ш. | 3 | | |
| | Алибекова А. | 9 | Сапина Г.К. | 3 | | |
| | Қанағатқызы Т. | 8 | Сапина Г.К. | 3 | | |
| Ауезов оқулары | Айбекқызы А. | 10 | Калымова Ж.Ш. | | 3 | |
| | Бауыржан А. | 10 | Калымова Ж.Ш. | | 3 | |
| | Дюсембаева Т. | 10 | Калымова Ж.Ш. | | 3 | |
| Әбіш оқулары | Бауыржан А. | 10 | Калымова Ж.Ш. | 1 | 1 | 3 |

| | | | | | | |
|--------------------|---------------|----|------------------|---|---|--|
| М.Жүсіп оқулары | | | | | | |
| М.Мақатаев оқулары | Баяхметова Ж. | 7 | Жаменкенова Г.Ш. | 1 | 3 | |
| | Ерғантай Ж. | 10 | Карибаева А.К. | 3 | | |
| Ілияс оқулары | | | | | | |

Қорыта келгенде: «Тіл туралы» заңының орындалуына 2022-2023 оқу жылына жоспарланған іс-шаралар толықтай өткізілді. Қыркүйек айында Тілдер мерекесіне арналған айлық жыл сайын ұйымдастырылып өткізіледі. Мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартқа сәйкес бағдарлама толық орындалды. Оқушылардың білім сапасы мен үлгерім деңгейі тұрақты. Сабақтан тыс шаралар өткізіліп, талдаулар жасалып, ұсыныстар айтылып отырылады. Пәндік олимпиада, оқуларға, басқа да сайыстарға оқушылар да, мұғалімдер де толықтай қатысты. Мұғалімдер өздерінің педагогикалық шеберліктерін теориялық және практикалық жағынан да шыңдап отырады және нәтижеге қол жеткізуде. Сонымен қатар шешілмеген мәселелеріміз де бар. Олар:

1. Оқушылардың еркін сөйлеу, сауатты жазуында кемшіліктер бар.
2. Ғылыми жобалар сайысына әлі де аз оқушылар қатысады, өйткені ЖОО байланысымыз тұрақты емес.
3. Дарынды оқушылармен жұмысты жүйелі түрде жасауды жалғастыру.
4. Қалалық сайыстарға сапалы түрде қатыстыру.

Мұғалімдер өздерінің педагогикалық шеберліктерін теориялық және практикалық жағынан да шыңдап отырады және нәтижесіз емес.

Жоғарыда аталып өткендей, мектепте Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының жүзеге асуына бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік тілді оқыту аясында тілдің мәртебесін биіктетіп, оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды тәрбиелеп, Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру – бүгінгі басты міндет болып табылатынын есте ұстаймыз.

Аталған міндеттерді орындау мақсатында ұсынылады:

1. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының орындалуында аталған нормативтік құжаттарды басшылыққа алуды жалғастыру.
2. Білім мазмұнын жаңарту бойынша білім сапасын көтеру жолдарын қарастыру (ӘБ мұғалімдері).
3. Сыныптан тыс өткізілетін іс-шараларды өткізуде сапаға, ұйымдастырылудеңгейіне мән беру.
4. Кітапхана, кабинеттерді түрлі сөздіктермен, әдістемелік құралдармен, электронды оқулықтармен толықтыруды жалғастыру.
5. Оқушыларды, оның ішінде өзге ұлт өкілдерінің балаларын қалалық олимпиадаға, ғылыми жоба жаздыруға, басқа да іс-шараларға дайындау, көбірек қатыстыру.
6. Іс-қағаздарды мемлекеттік тілде жүргізуді, кабинеттерді рәсімдеудің сапасын жақсарту.
7. БАҚ /СМИ/ мектеп өмірі туралы мақалаларды үнемі жазуды жалғастыру.
8. Келесі оқу жылында тіл мамандарының жұмысын ерекше қадағалауға алып, өзара сабаққа қатысып, тәжірибелерімен алмасу сұрақтарын ӘБ отырыстарында талқылау.
9. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша әдістемелік қорын жинақтау. БЖ мен ТЖ бақылау жұмыстары жинақтамасын жариялау.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС

2022-2023 оқу жылында педагогикалық ұжым мектептің зияткерлік элитасын құру процесінің жоспарлылығы мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған «Дарынды балалар» бағдарламасын іске асыру жөніндегі жұмысын жалғастырды. Оқу жылында мектеп деңгейінде олимпиадалар, конкурстар, пәндік апталықтар, конференциялар және басқа да іс-шаралар өткізу арқылы дарынды балаларды анықтау және қолдау жұмыстары жалғастырылды. Оқушылардың қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысуы жеткілікті деңгейде ұйымдастырылды.

9-11 сыныптар арасындағы Пәндік олимпиада

| № | Оқушы ТА | сынып | Пән | Пән мұғалімінің ТАӘ | Қалалық деңгей | Облыстық деңгей | Республикалық деңгей |
|----|-----------------|-------|--------------|--|----------------|-----------------|----------------------|
| 1 | Айткенов А | 10 | Тарих | Шарденова Ж.Б. | 1 | 3 | |
| 2 | Акишбаева А | 11 | Қазақ тілі | Сапина Г.К. | 2 | | |
| 3 | Апушева М | 11 | Тарих | Ергалиев К.С. | 3 | | |
| 4 | Балташев К. | 10 | География | Қаирбекқызы Тыныс | 2 | | |
| 5 | Бауыржан А | 10 | Орыс тілі | | 2 | | |
| 6 | Ботагөзова Г. | 9 | Орыс тілі | Абуова А.Б. | 3 | | |
| 7 | Дюсембаева Т. | 10 | Қазақ тілі | Калымова Ж.Ш. | 1 | 3 | |
| 8 | Иксатов Е | 9 | География | Кажмагамбетова М.Т. | 3 | | |
| 9 | Кудиярбекова А. | 9 | Ағылшын тілі | Жармагамбетова Б.К. | 2 | | |
| 10 | Қабду А. | 10 | Француз | | 1 | 3 | |
| 11 | Құсмиден Е | 9 | Тарих | Кусманов С.К., Жармагамбетова Б.К. | 1 | 3 | |
| 12 | Темирова Д. | 10 | Француз тілі | | 1 | 3 | |

Лингвистикалық олимпиада

| № | Қатысушының АТ | сынып | Мұғалімнің аты-жөні | Қалалық деңгей | Облыстық деңгей |
|---|----------------|-------|---------------------|----------------|-----------------|
| 1 | Мусаев Е. | 8 | Камалиденова А.Ж. | 3 | |
| 2 | Кудиярбекова А | 9 | Абуова А.Б. | 3 | |
| 3 | Жаныспай Б | 11 | Жукашева А.М. | 2 | |
| 4 | Бауыржан А | 10 | Абуова А.Б. | 2 | |

«Бастау» олимпиадасы

| № | Қатысушылардың аты-жөні | Сынып | Таңдау бойынша тілі (ағылшын, неміс, француз) | Мұғалімнің аты-жөні | Қалалық деңгей | Облыстық деңгей |
|---|-----------------------------|--------|---|----------------------------------|----------------|-----------------|
| 1 | Қонырханов Д. Қуанова Т. | 4 2 | Қазақ тілі Қазақ тілі | Арынжанова Ж.Д. Жапарова А.М. | 2 2 | |

Көптілділік олимпиадасы

| № | Қатысушылардың аты-жөні | Сынып | Таңдау бойынша тілі | Мұғалімнің аты-жөні | Қалалық деңгей | Облыстық деңгей |
|---|-------------------------|-------|---------------------|---------------------|----------------|-----------------|
| 1 | Жаныспай Б., | 11 | Ағылшын тілі | Жукашева А.М. | 3 | |
| 2 | Кудиярбекова А. | 9 | Ағылшын тілі | Абуова А.Б. | 2 | |
| 3 | Қабду А. | 10 | Француз тілі | Жармагамбетова Б.К. | 1 | 0 |

5-6 сыныптар арасындағы Пәндік олимпиада

| № | Оқушы ТА | Сынып | Мұғалім ТАӘ | Қалалық деңгей |
|---|--|-------|----------------|----------------|
| 1 | Аухадиев Самир, Қазақстан тарихы | 6 | Кусманов С.К. | 2 |
| 2 | Бегімтай М., қазақ тілі мен әдебиеті | 5 | Жуманова А.М. | 1 |
| 3 | Бельгибаев Р., математика | 6 | Кабышева Ж.К. | 2 |
| 4 | Муттахиден Б., қазақ тілі мен әдебиеті | 6 | Сапина Г.К. | 3 |
| 5 | Серік А., орыс тілі мен әдебиеті | 5 | Досова С.Ж. | 3 |
| 6 | Шадыбек Д., Қазақстан тарихы | 5 | Ангоноева А.С. | 3 |
| 7 | Шақурт И., математика | 5 | Наманаева А.К. | 3 |

Жасөспірімдер олимпиадасы

| № | Қатысушының АТ | сынып | Пән | Жетекшінің ТАӘ | Қалалық деңгей |
|---|----------------|-------|-----------|-------------------|----------------|
| 1 | Ахтамберова Д. | 8 | Химия | Омарова А.А. | 3 |
| 2 | Құрбан А. | 7 | География | Қаирбекқызы Тыныс | 2 |

«Зерде» ғылыми жобалар сайысы

| № | Қатысушының аты-жөні аты-жөні | Жобаның тақырыбы | Сыныбы | Жетекшінің толық аты-жөні, телефон | Қалалық деңгей | Облыстық деңгей |
|---|-------------------------------|---|--------|------------------------------------|----------------|-----------------|
| 1 | Бауыржан З. | Орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі секциясы | 6 | Камалиденова А.Ж. | 3 | |
| 2 | Казкенова А. | Орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі секциясы | 7 | Агинбаева К.М. | 3 | |
| 3 | Касенов М. | Химия және биология секциясы | 4 | Казангапова М.Ш. | 2 | |
| 4 | Құрбан А. | Математика және информатика секциясы | 7 | Аушахманова А.Ж. | 2 | 3 |
| 5 | Мағамет Ф | | | | 2 | 3 |
| 6 | Мұқажан Д. | Қазақ тілі және әдебиеті секциясы | 6 | Сапина Г.К. | 3 | 3 |
| 7 | Мамажанова М. | Этномәдениеттану | 7 | Бельгибаева Г.М. | 2 | 3 |
| 8 | Шакурт И | | | | 2 | 3 |

8-11 сыныптар арасында ғылыми жобалар сайысы

| № | Жоба авторының аты-тегі (толық) | Жобаның атауы | Секция | Сынып | Жоба жетекшісінің аты-жөні | Қалалық деңгей | Облыстық деңгей |
|---|---------------------------------|---------------|-------------|-------|----------------------------|----------------|-----------------|
| 1 | Абаханов С. Тұрғанбек Н | | Информатика | 8,10 | Ташкенбаева Ж.К. | 3 | 3 |

| | | | | | | | |
|---|--------------|--|------------------------|----|-------------------|---|-----|
| 2 | Дюсембаева Т | | Тіл білімі, ағылшын | 10 | Мукина Б.С. | 3 | |
| 3 | Сабыр А | | Тіл білімі, ағылшын | 8 | Қайрбаева Н.Г. | 3 | |
| 4 | Алибекова А. | | математика | 9 | Касенова Г.С. | 2 | 3 |
| 5 | Қабду А. | | Тіл білімі, әдебиет | 10 | Камалиденова А.Ж. | 1 | 2 |
| 6 | Қасым Д. | | Физика | 11 | Айтжанова Г.А. | 3 | 3/2 |

Дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастырудағы оң үрдістер:

- * бастауыш сынып, пән мұғалімдерінің оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурстарына қатысуының жоғары белсенділігі;
- * оқушылардың зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудағы бастауыш сынып мұғалімдерінің, пән мұғалімдерінің белсенділігі;
- * зерттеу қызметіне тартылған 5-7 сынып оқушыларының санын көбейту.

Мәселелер:

- * Математика пәні бойынша 9-11 сынып оқушыларының пәндік олимпиадаларға қатысу деңгейінің төмендігі.
- * қалалық деңгейдегі пәндік олимпиадаларда жүлделі орындар болған жағдайда облыстық олимпиадаға қатысушылардың жүйелі дайындығының тиімсіздігі;
- * 1-7 сыныптарда қалалық ғылыми жарыстарға оқушылардың қатысуының төмен нәтижелілігі;
- * Дарындылықты дамыту жұмыстары барысында барлық пән мұғалімдерінің жұмыс жүйелілігі бірдей емес, кейбір пән мұғалімдері жүйелі түрде жұмыс істемейді.

Шешу жолдары:

- * жобалармен жұмыс бойынша шебер-сағаттар сериясын ұйымдастыру;
- * бастауыш және негізгі оқу сатыларының оқушыларымен мектепішілік олимпиадаларды, конкурстарды, марафондарды ұйымдастыру нысандарын жетілдіру;
- * оқу жылы ішінде жобаларды алдын ала қорғауды жүргізу, жобалармен жұмыс істеу бойынша проблемаларды алқалы түрде шешу, анықтау;
- * шағын топтарда жұмысты ұйымдастыру, оқушыларды дайындауда осы сыныптарда, пән сабағын жүргізбейтін тәжірибелі педагогтарды қосу (ҰБТ-ға дайындық тәжірибесі бойынша).

ИНКЛЮЗИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Ұжымның басты міндеттерінің бірі-мектептің инклюзивті білім беру кеңістігінде мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру үшін жағдай жасау. Өткен оқу жылында мектепте мүмкіндіктері шектеулі оқушылар саны – 11:

1. Калилаев Ақдаулет – 6Б (үйде оқыту)
2. Тлектес Тимур – 5Ә (үйде оқыту)
3. Сейітов Бейрам – 7Б
4. Орынбасар Әбілмансур – 5Б
5. Тұрғанбек Алихан – 4В
6. Нұралы Диас – 3Б
7. Нұралы Мирас – 3Б
8. Жунусов Мансур – 2Ә
9. Марленқызы Айлана – 3Б
10. Жантемір Даяна – 4Г
11. Менгалиев Жасұлан – 4Г

Берілген оқушылар үшін арнаулы оқу және жеке дамыту бағдарламаларын, оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар жасалынды.

Мәселелер:

* инклюзивті тәсілді іске асыру үшін әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, бірақ педагог-логопед пен педагог-психолог мамандардың жұмысына арналған әдістемелік және техникалық-база жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген (бағдарламалар жасауға бірыңғай талаптар жоқ, балалармен сабақтан тыс жұмысты ұйымдастыру үшін бағдарламалық қамтамасыз ету жеткіліксіз);

* курстық дайындыққа қарамастан, инклюзивті тәсілді жүзеге асыратын мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі төмен деңгейде: педагогтар түзету педагогикасы саласындағы мамандардың көмегіне мұқтаж, өйткені олар арнайы психология мен физиология бойынша жеткілікті білімге ие емес.

Шешу жолдары:

* инклюзивті оқыту мәселелері бойынша педагогикалық ұжыммен әдістемелік іс-шараларды ұйымдастыру: шебер-сағаттар, ресурстық орталық базасында митаптар;

* мүмкіндігі шектеулі балаларды мектептің білім беру кеңістігіне қосуды жалғастыру: оқушылардың сұранысы бойынша үйірмелер спектрін кеңейту.

ӘДІСТЕМЕЛІК-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

Тақырып: «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру - қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз етудің маңызды ресурсы».

Мақсаты: Білім берудің жаңа стандарттарын іске асыру жағдайында педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Міндеттері:

1. Мұғалімдердің үздіксіз білім беру жүйесін ұйымдастыру арқылы педагог кадрлардың біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасау.
2. Мұғалімдердің мазмұны, білім беру мазмұнын жаңартуды жүзеге асыру тетіктері, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, оқытудың белсенділік тәсілдерін енгізу, оқушылардың білім сапасын критериалды бағалау мәселелеріндегі кәсіби құзыреттілігін арттыру.
3. Педагогикалық тәжірибені зерделеу, жинақтау және тарату бойынша педагогтердің қызметін ынталандыру.
4. Білім беру процесіне оқытудың интерактивті нысандарын белсенді енгізуге жәрдемдесу.
5. Педагогикалық тәжірибені тарату бойынша педагогикалық қауымдастықтар құруға бастама жасау.

Білім берудегі жаңа трендтерді енгізу бойынша жұмыс.

Осы оқу жылында мектептегі болған ұйымдастырушылық өзгерістер біздің ұйымның мектептің даму жоспарына, «Білім беруді бейіндеу жағдайында білім беру мен тәрбиелеу сапасын қамтамасыз ету» атты әдістемелік тақырыбына сәйкес іс-шаралар өзгерістерді қамтыды. Бұл кең ауқымды жоспарлы жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мектеп ұжымы әр түрлі өзгерістерге қалыптасқан ұжым болғанымен, адами факторлар барлық кезеңде де орын алып отырады. Соның ішінде елеулі өзгеріс - мектеп бағытының өзгеруі. Бұл өзгеріс мәдениетінің мектеп ұжымында дамығанын көрсетті, себебі, мектеп мұғалімдерінің 90% тұрақты мамандарды құрайды.

Практиканың алғашқы күндері мектеп ұжымының назарына «Білім берудегі жаңа трендтер» және «Білім алушы ұйым» ерекшеліктерімен таныстырылымды ұсындық. Мектеп ұжымымен жұмыс жасау барысында өзгерістерді басқаруды жоспарлау және жүзеге асыру үшін Джон Коттердің өзгерістерді басқарудың 8 қадамдық моделін басшылыққа алдық.

Жоба енгізу мақсаты: *1 ай ішінде 3 А, 8 А және 8Б сыныптарда «ойын мен геймификация арқылы оқыту» трендін жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын қалыптастыру.*

Осы мақсатқа жетуді көздеген міндеттер:

- ойын және геймификация туралы материалдар жинақтау, зерделеу;
- тренингтер, коучингтер, семинар, талқылау сағаты, дөңгелек үстел, консилиум өткізу.
- тізбектелген сабақтар өткізу, бақылау;
- деректер жинау, талдау, қорытындылау.

Кіріс сауалнамасы алынып, қазіргі таңдағы мектептегі беріліп жатқан білімнің тиімділігін анықтадық. Осы сауалнама қорытындысы бойынша ұжымның басым бөлігі мектебімізде беріліп жатқан білімге қанағаттанасыз ба? сұрағына барлық мұғалімдердің 98 пайызы «иә» деп, жауап берсе, қалған 2пайызы жауап беруге қиналды. «Білім беруде қай жағына көбірек көңіл бөлу керек деп, ойлайсыз?» сұрақтарына ұжымның пікірі әр түрлі болды: жан-жақты даму деген нұсқаға сауалнамашылардың жартысы жауап беріп, 20% оқушылардың сұраныстарына, келесі 20% оқушылардың жас ерекшеліктеріне, ал қалған 10% оқу мақсатына көңіл бөлу керек деп санады. Сабақтарда кері байланыс туралы сұраққа ұжымның басым бөлігі кері байланысты бағалауға айналдыра алатыны, ал 20% осы сұраққа жауап беруге қиналды. «Өзгеріс енгізу керек пе, командада жұмыс жасауға дайынсыз ба?» деген сұрақтарға бүкіл ұжым оң жауап берді. Сабақ беру барысында зерттеуді, түсіндіруді, дамытуды

және бағалауды ұжымның 90% оң жауап беріп, ал қалғаны жауап беруге қиналды. Біз таңдаған трендпен ұжымның барлығы жұмыс жасауға әзір болып шықты.




Мектепке білім беруде өзгеріс енгізуді қолдайсыз ба?



Педагогикалық командамен жұмыс жасауға әзірсіз ба?



Геймификация арқылы оқытуды дамыту дегенді қалай түсінесіз?



Команда жұмысы мектептің білім жүйесін дамытудың негізі бола ала ма?



Сабағыңыздың кері байланысты бағалауға айналыра аласыз ба?



Сабақ беру барысында қатыстыруды, зерттеуді, түсіндіруді, дамытуды, бағалауды жүзеге мүмкін бе?



